

Көсембай негізгі мектебі

Кітапханашы: Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы.

Күні: 09.09.2022ж

Тақырыбы : Ақыл мен білімнің тілмашы -тіл.

Жалпы мақсат: топтық әрекетте диалогтық тәсілді пайдалана отырып мәтіннің мазмұнының ұғындыру. Ой өрістерін, сөйлеу дағдыларын дамыту. Тапсырма бойынша сұрақтар қоя білу дағдыларын, өз көзқарастарын айту, қорғау дағдыларын жетілдіру.

Дерек көзі: мақалалар, слайд

Оқыту нәтижесі: Мәтін мазмұнына сай сұрақтар қоюға, ойланып жауап беруге дағдыланады. Өз пікірін қорғайды, көзқарасын білдіреді. Өз-өзің бағалауға үйренеді.

Негізгі идеялар: Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Тапсырмалар: Топтық, шығармашылық тапсырмалар.

Әдіс -тәсілдер: топқа бөлу, тренинг, «Домино әдісі, Солай ма?.. ойыны, «Борт журналы»

Кітапханашы: «Тіл- ұлттық белгі халықтық мұра, дүниетаным құралы. Халықтың тарихта қалуы тіліне байланысты. Тіл -халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін - келбеті, болмысы. Адамзатты мұратқа жеткізетін ана тілі мен дәстүрі. Олай болса, бүгінгі 5 қыркүйек тілдер күніне арналған «Ақыл мен білімнің тілмашы - тіл» атты топтық жұмысымызды бастаймыз.

Ұйымдастыру: Топқа бөлу. (Өлең шумақтары арқылы)

1 нұсқа: Сүйемін туған тілді (анам тілін)

Бесікте жатқанымда- ақ (берген білім)

Шыр етіп жерге түсен (минутымнан)

Құлағыма сіңірген (таным үнім) **Сұлтанмахмұт Торайғыров.**

2-нұсқа: Ана тілің – (арың бұл)

Ұятың боп – (тұр бетте)

Өзге тілдің (бәрін біл)

Өз тіліңді (құрметте) **Қадыр Мырзалиев**

Тренинг: Мен үшін...

Мен үшін қазақ тілі –

Домино әдісі. Қағаз қиындылары домино пішіндес қиылып, ортасыннан қаламмен сызылады. Топтағы бірінші оң жақ бөлігіне сұрақ жазса, келесі оқушы домино парақшасының сол жағына сол сұрақтың жауабын жазады. Барлық топ даминоларын жасап болған соң, араластырып, көршілес топқа домино қиындыларын құрастыруға ұсынады. Әрі жылдам, әрі дұрыс құрастырған топ жеңіске жетеді.

1- топ Ана тілі

1) «Үш бақытым» өлеңінің авторы кім? (Мұқағали Мақатаев)

2) Тыныс белгілерінің ережелер жиынтығын тексеретін бөлім. (Пунктуация)

3) Тіл туралы заң қанша баптан, тараудан тұрады? (27бап, 6 тарау)

- 4)Қазақтың үш арысын жаз. (Сәкен, Ілияс, Бейімбет)
- 5)Абайдың азан шақырып қойған аты. (Ибарһим)
- 6)Тархан атағын алған батыр кім? (Жәнібек)
- 7)Абылайдың кеңесшісі болған жырау. (Бұхар жырау)
- 8) «Төрт ана» өлеңінің авторы кім?
- 9)Қазіргі білім министрі кім? (Асхат Аймағанбетов)
- 10)Қазақ ақындарын жаз.

2-топ Қазақ тілі

- 1) Тұңғыш әліппе оқулығын жазған кім? (А.Байтұрсынов)
- 2) Тіл дыбыстарын зерттейтін сала? (Фонетика)
- 3) Қазақта тұңғыш шешен кім? (Жиренше)
- 4) Қазақтың үш биі кімдер? (Төле би, Қазыбек би, Айтеке би)
- 5) Шоқанның азан шақырып қойған аты. (Мұхаммедқанафия)
- 6) Абылай ханның шын есімі. (Әбілмансұр)
- 7) Тіл туралы заң қашан қабылданды? (1997 ж, 11 шілде)
- 8) Екі кісінің сөйлесуі. (Диолог)
- 9) Ойыл ауданының білім бөлімінің басшысы кім? (Серік Меруенов)
- 10)Қазақ жазушыларын ата.

Көрермендермен: Солай ма?... Ойыны

Оқушылар дұрыс сұраққа «солай» деп дұрыс емес сұраққа «олай емес» деп жауап береді.

- 1) Өнер алды қызыл тіл.
- 2) Тіл тас жарады (тас жарамаса бет жарады) бас.
- 3) Шебердің қолы ортақ шешеннің тілі ортақ.
- 4) Бас кеспек болса да (мойын кеспек жоқ) тіл
- 5) Қол шешпегенді (төбелес шешеді) тіл
- 6) Бал тамған тілден у да тамады.
- 7) Тіл қылыштан өткір.
- 8) Адам тілінен табады.
Сиыр шөбінен табады. (мүйізінен)
- 9) Өз тілің -бірлік үшін,
Өзге тіл -тірлік үшін.
- 10)Жақсы тауып айтар.
Жаман шауып айтар (қауып)

Мәтінмен жұмыс

«Борт журналы»

«Борт журналы» -тақырыпты оқып үйренуде өз ойларын жазуға үйретудің әр түрлі әдіс -тәсілдерін қамтитын жалпылама атауы. «Борт журналы» қарапайым түрде мәтінді оқу алдында және оқу материалымен танысқан соң қолданылады. Оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады. Берілген тақырып бойынша Маған не белгілі?

Мен не білемін? Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?

Топ Ана тілі.

АҚЫЛБЕК ШАЯХМЕТ.

Ұлттың тілден алыстауы – сөз бен істің қабыспауы

Теледидардан тіл ғылымын дамытуға үлкен үлес қосқан көрнекті қазақ ғалымы туралы хабар жүріп жатыр. Әкесі туралы ұлдары мен қыздары орыс тілінде сұхбат беріп, оны тілші қазақ тіліне аударып, диктор қазақ көрерменіне аударып беріп жатыр. Бұл не деген сұмдық?!

Бірақ, осы көріністі күнбе-күн көріп жүрміз. Шенеуніктерді былай қойғанда, ана тілі арқылы күнін көріп жүрген ғалымдардың балалары, ақынжазушылардың балалары, қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдердің балалары орыс мектебінде оқиды, орыс тілінде сөйлейді, немерелері шет мемлекетте оқиды, шет тілінде емін-еркін сөйлейді. Соған ата-анасы да мәз, өздері де мәз.

Сол теледидардан тағы бір тілшінің «көңіл айтуды білдірді» деген сөзін естідік. Орыстың «выражаю собелезнование» дегенін аударған түрі. Мына қалыппен мемлекеттік тілді түгел меңгеруге тағы бір ғасыр керек болатын шығар.

Ұлттың тілден алыстауы – сөз бен істің қабыспауы. Сөз жүзінде қазақ тілін дамытайық деген қайраткерсымақ іс жүзінде ана тілін өзге тілден кем көрсе жағдай қайдан түзелсін?! Сөзі басқа адамның ісі басқа болған соң олардан қандай үлгі-өнеге алуға болады?!

1- Топ Қазақ тілі

РЫСБЕК РАМАЗАНҰЛЫ

Жойылған халықтар аллеясы

Отаның сені жоғалтып алуы мүмкін, бірақ сен ешқашан Отаныңды жүрегіңнен жоғалтпа. Б. Шинкуба атты абхаздық жазушының «Ұбықтан қалған бір жалғыз» атты кітабынан түгел бір халықтың қалай жер бетінен жойылып кеткенін үнсіз оқыдым. Автор Кавказды мекендейтін мыңдаған жылдарға созылған тарихы бар ұбық деген халықтың соңғы өкілінен сұхбат алып отыр.

Ресейдің қанды қылышына ілініп, аяусыз күрескен ұбықтар түгел дерлік қырылады. Кемпір-шалдар мен азғантай тобы Осман сұлтанының жарылқауына сеніп Анадолының құмында азапталып, үйсіз-күйсіз тентіреді. Өз отандары, қайсар Кавказды тастап Түркияға келген ұбықтарды ешкім басынан сипамады. Аштыққа шыдамағандары сол жерде жан тәсілім етеді. Заурхан Золак сондай қырғыннан, өз халқының қалай жойылғанын көзімен көрген, жер бетіндегі соңғы ұбық.

Аман қалған азғантай бөлігі түрік пен орыстың арасына сіңіп жоғалды. Енді жер бетінде «ұбық» деген халық жоқ. Сіз ол халықты енді көрмейсіз. Тек кітаптан ғана оқисыз. Әбден қартайып қалжыраған қарттың, журналистке берген сұхбатынан үзінді келтірейін. Қалай десек те жойылған ұлттың соңғы тұяқ серпуі ғой:

«... тілдің жәйдан-жай жойылып кетуі мүмкін емес, себебі ол адамның ішкі жан дүниесінде емес-ау, судың, жердің, тастың ішкі дүниесінде де өмір сүреді. Қазір де сол ұбықтар елінде бұтақ пен бұтақ, тас пен тас, бұлақ пен бұлақ әлі де сол тілде, яғни менің тілімде сөйлесіп жатқанына кәміл сенемін.

... мен абхаз тілін естігім келеді. Отаныңнан алыста жүргенде ана тіліңнен басқа ештеңе ем бола алмайды екен.

Өзен — теңізге, темір — магнитке, адам — туған жеріне ұмтылады.

Мен — Заурхан Золак — осы кемеліне жетпеген дүниедегі соңғы ұбықпын!
Кітап жаныңды ауыртатын осындай сөздермен аяқталады.


Сергіту сәті

Жаңылмай жаңылпашты кім көп біледі? 2 топ жаңылтпаш айтып жарысады.

Суретпен жұмыс

Оқушыларға тілге байланысты карикатуралық екі түрлі сурет көрсетіп ой -пікірлерін, қандай ой түйгендерін сұрау.

Карикатура дегеніміз -ащы айтылған сын, тұрмыс -тіршілігімізге деген көзқарас. Карикатура жеке адамдардың не өмірдің көлеңкелі жақтарын, кереғарлық пен кертартпалықты шарж бен гортеск арқылы типтендіріп, аяусыз сынап -мінеуге құрылады.



«Әрбір халық өз ана тілінде бақытты» деп ана сүтімен дарыған ана тілімізді қашанда құрметтеп бағалай білу біздің парызымыз. Өз тілдеріңізді мақтан тұтып қадірлей біліңдер.

